

**Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жобасын қаржыландыру бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен қарыз тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 854 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімнің (Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жобасы) (бұдан әрі - Қарыз туралы келісім) жобасы 24000000 (жиырма төрт миллион) АҚШ доллары сомасында мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Арман Ғалиасқарұлы Дунаевқа Қазақстан Республикасының атынан Қарыз туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілісін.

3. Қарыз туралы келісімді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қосымша құн салығын төлеуді қоса алғанда, 46800000 (қырық алты миллион сегіз жүз мың) АҚШ долларынан аспайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен тартылып отырған қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тартылып отырған қарыз қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

N \_\_\_\_\_ -KZ қарыз

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ  
арасындағы  
Қарыз туралы келісім**

(Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жобасы)

2005 жылғы \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ -KZ қарыз

**ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Қарыз алушы) мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ (Банк) арасындағы 2005 жылғы \_\_\_\_\_  
К Е Л І С І М .

Қарыз алушы осы Келісімнің N 2 қосымшасында сипатталған жобаның (Жоба) орындауға болатындығына және басымдығына көз жеткізіп, осы Жобаны қаржыландыруға көмек көрсетуді Банктен сұрағанын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП; жоғарыда айтылғанның негізінде бұдан басқа, осы Келісімде көзделген шарттармен Банктің Қарыз алушыға Қарыз беруге келіскенін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП; ОСЫМЕН тараптар төмендегі туралы уағдаласты:

## I-БАП

### Жалпы шарттар; Анықтамалар

1.01-бөлім. Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы (2004 жылғы 1 мамырдағы редакциямен) "Қарыздар және бір валюталы қарыздар үшін кепілдіктер туралы келісімдерге қолданылатын жалпы шарттар" (Жалпы шарттар) осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

1.02-бөлім. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, Жалпы шарттармен осы Келісімнің Кіріспесінде анықталған кейбір терминдер бекітілген ұғымдарға сәйкес келеді, ал қосымша терминдер мынадай мағынаны сонда білдіреді:

(a) "ҮО" - Қарыз алушы құратын және осы Келісімнің 2-қосымшасы D.2 Құрауышында көрсетілген үйлестіру орталығы;

(b) "КГС" - осы Жобаның А.2, В.2 және С.1 (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарында айтылған мақсаттарда Операциялық басшылыққа сәйкес құрылған конкурстық гранттар сызбасы (одан әрі мәтін бойынша анықталған);

(c) "КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл" - КГС шеңберінде Қарыз алушы үшін Сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет ететін Банк үшін қолайлы қаржылық ұйым;

(d) "КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалатын шарт" - осы Келісімнің 3.02 (a) бөліміне сәйкес КГС бойынша Қарыз алушы мен Сенім білдірілген өкіл арасындағы келісім, мұндайлар дүркін-дүркін өзгеретіндіктен, осы термин КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалатын Шартты толықтыратын барлық қосымшалар мен келісімдер;

(e) "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық" - Операциялық басшылықтың (одан әрі мәтін бойынша анықталған) бір бөлігі болып табылатын ауыл шаруашылығы зертханаларын қауіпсіз пайдалану және кіші жобаларды (ны) экологиялық скрининг жөніндегі нұсқаулық (одан әрі мәтін бойынша анықталған);

(f) "Қаржылық мониторинг туралы есеп" немесе "КМЕ" - осы Келісімнің 4.02-бөліміне сәйкес даярланған әрбір есеп;

(g) "БК" - Қарыз алушы тарапынан құруға жататын және осы Келісімнің 2-

қосымшасы D.1 Құрауышында сілтеме жасалған Басшылық кеңес;

(h) "Грант" - Қарыз қаражатынан және/немесе Қарыз алушының Республикалық бюджетінен Жобаның А.2, В.2, С.1 (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарының шеңберінде КГС шеңберінде КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл берген немесе ұсынған конкурстық грант;

(i) "Грант туралы келісім" - осы Келісімнің 5-қосымшасы В Бөлігінің 1 (c) тармағында көрсетілген КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл мен әрбір грант алушы арасында жасасуға жататын келісім;

(k) "АШМ" - Қарыз алушының Ауыл шаруашылығы министрлігін және оның кез келген құқықтық мирасқорын немесе құқықтық мирасқорларын қамтиды;

(l) "ҚМ" - Қарыз алушының Қаржы министрлігін және оның кез келген құқықтық мирасқорын немесе құқықтық мирасқорларын қамтиды;

(m) "Операциялық басшылық" - КГС жұмыс істеуі үшін Қарыз алушы қабылдаған басшылық;

(n) "Ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес жоспары" - Қарыз алушы даярлаған кіші жобаны (ларды) іске асыру шеңберінде қолданылатын пестицидтермен қауіпсіз жұмыс істеу, пайдалану және жою жөніндегі жоспар;

(o) "ЖІЖ" - Жобаны іске асыру тәртібін белгілейтін жобаны іске асыру жоспары. Қарыз алушы мен Банктің келісімі бойынша осы жоспар оқтын-оқтын өзгеруі мүмкін;

(p) "Сатып алу жоспары" - Жобаны іске асырудың соңғы 18 айлық кезеңіне (немесе одан ұзағырақ кезеңге) есепке алғанда осы Келісімнің 3.03-бөлімінің ережелеріне сәйкес оны кезең-кезеңде жаңғыртуды ескере отырып, Жобаны іске асырудың алғашқы 18 айына (немесе одан ұзағырақ кезеңге) арналған кезеңді қамтитын 2005 жылғы 18 ақпандағы Қарыз алушының сатып алу жоспары;

(q) "Арнайы шот" - осы Келісімнің 2.02(b) бөлімінде көрсетілген шот;

(r) "Кіші жоба (лар)" - Операциялық басшылықта айтылған өлшемдер мен рәсімдерге сәйкес КГС шеңберінде іріктелген және бекітілген және Грант есебінен ішінара қаржыландырылатын кіші жоба (лар).

## **II-БАП**

### **Қарыз**

2.01-бөлім. Осы Келісімде айтылған немесе санамаланған шарттармен Банк Қарыз алушыға жиырма төрт миллион АҚШ долларына (24 000 000 АҚШ доллары) баламалы сомада қарыз беруге келіседі.

2.02-бөлім. (a) Қарыздың белгілі бір сомасы Келісімнің 1-қосымшасының ережелеріне сәйкес: (i) Жоба үшін қажетті тауарлар мен жұмыстардың құнына қолайлы кезде (немесе төленетін Банкке төленген кезде) төленген және осы Келісімге 2-қосымшаға сипатталған және Қарыз қаражатынан қаржыландыруға жататын

шығыстарға; және (ii) оған қатысты Қарыз шотынан қаражат алуға сұрау салу алынған А.2, В.2, С.1 (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарына сәйкес Кіші жобаларды іске асыру үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қолайлы құнын жабу үшін Грант алушының есеп айырысу шотына Қарыз алушы төлеген (немесе оны төлеуге Банк келіскен кезде) сомаларға арналған Қарыз шотынан алынуы мүмкін.

(b) Жобаның мақсаттары үшін Қарыз алушы оны тыйым салудан, беруден және тәркілеуден тиісті түрде қорғауды қоса алғанда Банк үшін қолайлы шарттармен коммерциялық банктердің бірінде АҚШ долларымен арнайы депозиттік шот ашуы және жүргізуі мүмкін. Арнайы шотқа салынатын салымдар мен одан жасалатын төлемдер осы Келісімнің 6-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.03-бөлім. Қарыздың соңғы күні 2010 жылдың 30 шілдесі немесе Банк белгілеген неғұрлым кешірек осындай күн болып табылады. Неғұрлым кешірек осындай күн туралы Банк тез арада Қарыз алушыға хабарлауға міндетті.

2.04-бөлім. Қарыз алушы Қарыз сомасынан Банкке нөл бүтін оннан бес пайызы (0,5 %) мөлшерінде біржолғы комиссиялық алым төлеуге міндетті, бұл ретте Банк өз шешімі бойынша біржолғы комиссиялық алым бөлігінен бас тарта алады. Осы алым қарыз күшіне енген күннен бастап алпыс (60) күннен кешіктірілмей төленуі тиіс.

2.05-бөлім. Қарыз алушы Қарыздың алынбаған негізгі сомасынан Банкке жылына бір пайыздың төрттен үш (1 %-дан 3/4) мөлшерінде кредиттік желіні резервтеу үшін комиссия төлеп отыруға міндетті.

2.06-бөлім. (a) Қарыз алушы пайыз есептеудің әрбір кезеңі үшін ЛИБОР қосынды айырмасын қосқанда ЛИБОР Базалық ставкасына тең ставка бойынша Қарыздың негізгі таңдалған және өтелмеген сомасы үшін оқтын-оқтын пайызды төлеуге міндетті.

(b) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Пайыздарды есептеу кезеңі" - пайыздар төленетін осы күннен кейінгі бірінші басталатын күнді қоспай осы Келісімнің күнінен бастап қоса алғандағы бастапқы кезең және бірақ Пайыздарды төлеу күнінен кейінгі күнге дейін қоспай қоса алғандағы Пайыздарды төлеу күнінен бастап бастапқы кезеңінен кейінгі әрбір кезең;

(ii) "Пайыздарды төлеу күні" осы Келісімнің 2.07-бөлімінде көрсетілген күнді білдіреді.

(iii) "ЛИБОР Базалық ставкасы" Банк негіздеп анықтайтын және жылдық пайыз ретінде көрсетілетін пайыздарды есептеу кезеңінің бірінші күніне құны бойынша алты айлық бір валюталық депозиттер жөнінде Лондон банкаралық рыногына жасалатын ұсыныстар ставкасы бойынша әрбір кезең үшін пайыздарды есептеуді (немесе пайыздар төленетін күні құны бойынша пайыздарды есептеудің бастапқы кезең жағдайын не пайыздар есептелетін осындай кезеңнің күнін не пайыздар есептелетін бірінші күннен кейінгі келесі күнді) білдіреді.

(iv) "ЛИБОР қосынды айырма" мыналардың: (a) бір пайыздың төрттен үшін (1 %-дан 3/4); (b) әрбір Кезең үшін пайыздарды есептеудің алу (немесе қосу) жасалған орта

өлшемдік маржасының, жылдық пайыз ретінде Банк негіздеп анықтайтын және көрсететін, бір валюталық қарыздарды немесе олардың бөліктерін қаржыландыру үшін Банк бөлген өтелмеген Банк қарыз қаражатына немесе қарыз қаражатының бөлігіне қатысты алты айлық депозиттер бойынша Лондон банкаралық ставкасынан немесе басқа да бағдар жасалған ставкалардан төмен (немесе жоғары) ұсыныстардың әрбір кезең үшін пайыздарды есептеуді білдіреді.

(с) Пайыздарды есептеудің әрбір кезеңі үшін анықталатын ЛИБОР базалық ставкасы және ЛИБОР қосынды айырмасы туралы Банк Қарыз алушыға тез арада х а б а р л а й д ы .

(d) Егер, 2.06-бөлімде көрсетілген пайыздық ставкаларды анықтауға әсер ететін рыноктық конъюнктураның өзгеруі салдарынан болса, Банк Қарыз бойынша пайыздық ставкаларды анықтау үшін 2.06-бөлімде көрсетілгеннен өзгеше жалпы алғанда оның қарыз алушыларының және оның ішінде Банктің мүддесіне сай қабылдауға қажетті өзге базис белгілейді, оны Банк осындай жаңа базис туралы алты (6) айдан кешіктірмей Қарыз алушыға хабарлай отырып, Қарыз бойынша пайыздық ставкаларды анықтау үшін базисті өзгерте алады. Қарыз алушы өзінің қарсылығы туралы көрсетілген кезең ішінде Банкке хабарлайтын жағдайды қоспағанда, хабарлау кезеңі аяқталғаннан кейін Жаңа базалық ставка қолданысқа енеді және осы жағдайда көрсетілген өзгерістер Қ а р ы з ғ а қ о л д а н ы л м а у ы т и і с .

2.07-бөлім. Әр жылдың 15 сәуірі мен 15 қазанының әрбір жарты жылда пайыздар мен өзге де алымдар төлеуге жатады.

2.08-бөлім. Осы Келісімнің 3-қосымшасында келтірілген өтеу кестесіне сәйкес Қарыз алушы Қарыздың негізгі сомасын өтейді.

### **III-БАП**

#### **Жобаның орындалуы**

3.01-бөлім. (a) Қарыз алушы Жоба міндеттерін өзінің мақұлдайтындығын жариялады және осы мақсатта АШМ арқылы Жобаны адал және тиімді және тиісті әкімшілік, экологиялық және қаржылық практикаға сәйкес орындауға міндеттенеді және қажет болған жағдайда Жобаны жүзеге асыру талап етілетін қорларды, үй-жайларды, қызметтер және басқа ресурстарды дереу беруге міндеттенеді.

(b) Осы Бөлімнің (a) тармағының ережелерін шектемей, және Қарыз алушы мен Банк арасындағы өзге келісушілік болған жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушы АШМ арқылы осы Келісімге 5-қосымшада айтылған Іске асыру бағдарламасына сәйкес Ж о б а н ы о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і .

(с) Осы Бөлімнің (a) және (b) тармақтарының ережелерін шектемей Қарыз алушы А .2, 3.2, С.1 (iii), С.2 (iii) Құрауыштарын қоса алғанда Жобаны іске асыру үшін осы Келісімнің 2-қосымшасында аталған техникалық көмекті, осы Келісімнің 4 және 5-

қосымшаларында айтылған шарттар мен ережелерге сәйкес пайдаланылатын қырық алты миллион сегіз жүз мың АҚШ долларынан (46 800 000 АҚШ доллары) аспайтын с о м а н ы б е р е д і .

3.02-бөлім. Осы Келісімнің 3.01-бөлімінің ережелерін шектемей және Жобаның А.2, 3.2, С.1. (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарында айтылған мақсаттар үшін Банктің және Қарыз алушының өзге де келісушілігі болған жағдайлардан басқа, Қарыз алушы:

(a) КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалған Шарттың шеңберінде осы Келісімнің 1-қосымшасы 1 параграфында (3) кестенің Санатына мерзімді бөлінетін Қарыз қаражатын, сондай-ақ Банктің талаптарын қанағаттандыратын және есептілік, сатып алу, тоқтата тұру және тоқтату шарттарын шектемей қамтитын рәсімдерге, құқықтық өлшемдерге және Операциялық басшылықта айтылған шарттарға сәйкес іріктелген кіші жобаларды іске асыруға Грант алушыларға қаражат беру үшін Гранттарға бөлінетін Қарыз алушының республикалық бюджет қаражатын беруге;

(b) Қарыз алушының және Банктің мүдделерін қорғау, Жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін осындай нысанда КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалған Шарт бойынша өз құқықтарын пайдалануға, сондай-ақ Банк тарапынан алдын-ала мақұлдау алмай КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалған Шартты немесе осындай кез келген ережесін белгілемеуі, өзгерістер енгізбеуі, бұзбауы тиіс.

3.03-бөлім. (a) Банкпен өзге уағдаластық болған жағдайларды қоспағанда, Жоба үшін және Қарыз қаражатынан қаржыландыруға жататын (i) қажетті тауарлар мен жұмыстарды сатып алу, сондай-ақ (ii) Жоба үшін қажет консультанттарды іріктеу және олардың қызметтерін сатып алу, осы Келісімге 4-қосымшаның ережелеріне сәйкес және Сатып алу жоспарында осы ережелерді одан әрі әзірлеуді ескере отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

(b) Қарыз алушы нұсқаулыққа сәйкес Банк үшін қолайлы Сатып алу жоспарын жаңартуға және Банкке алдағы Сатып алу жоспары күнінен бастап 12 айдан кешіктірмей жаңартылған жоспарды мақұлдауға беруге міндетті.

3.04-бөлім. Жалпы шарттар 9.07-бөлімінің мақсаттары үшін және оның ережелерін ш е к т е м е й Қ а р ы з а л у ш ы :

(a) Банк үшін қолайлы негізде нұсқаулық дайындауға және Банкке Қорытынды күнге дейін алты (6) айдан кешіктірмей немесе Қарыз алушы мен Банк арасында келісілген ықтимал неғұрлым кеш күнде Жобаның мақсаттарына қол жеткізуді жалғастыруды көздейтін жоспарды беруге; және

(b) Банкке көрсетілген жоспар бойынша Қарыз алушымен пікір алмасуға негізделген мүмкіндік беруге міндеті.

## **IV-БАП**

### **Қаржылық ереже**

4.01-бөлім. (а) АШМ арқылы Қарыз алушы есепке алу құжаттары мен шоттарды қоса алғанда қаржылық басқару жүйесін жүргізуге және Жобамен байланысты операцияларды, ресурстарды және шығыстарды тиісінше көрсететін Банк үшін қолайлы және дәйектілікпен қолданылатын нысанмен қаржылық есептілікті дайындауға міндетті.

(b) АШМ арқылы Қарыз алушы:

(i) Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар дәйектілікпен қолданатын Банк үшін қолайлы аудиттің тиісті қағидаттарына сәйкес әрбір қаржы жылы үшін (немесе Банкпен келісілген өзге де мерзімде) осы Бөлімнің (а) тармағында аталған қаржылық есептіліктің аудиторлық тексеруін қамтамасыз етеді;

(ii) Банкке дайын болғанда, бірақ кез келген жағдайда қаржы жылы аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей (немесе Банкпен келісілген өзге де мерзімде), (А) аудиттің тиісті жылы үшін осы бөлімнің (а) тармағында көрсетілген қаржылық есептіліктің расталған көшірмелері (немесе Банкпен келісілген өзге де мерзімде), және (В) Банк үшін қолайлы көлемде және егжей-тегжейлікпен аталған аудиторлар дайындаған осындай есептілік туралы қорытындыны береді; және

(iii) оқтын-оқтын Банк негіздеп сұрайтын есепке алу құжаттарына және шоттарға, қаржылық есептілік аудитіне және аталған аудиторларға қатысты Банкке кез келген басқа ақпаратты беруге.

(c) Шығыс ведомстерінің негізінде АШМ арқылы Қарыз алу шотынан қаражат алынған барлық шығыстар бойынша Қарыз алушы:

(i) кемінде бір жыл бойы Банк қаржы жылы үшін аудиторлық есеп алғаннан, Қарыз алу шотынан қаражат соңғы рет алынғаннан кейін осындай шығыстарды (келісімшарттар, төлем тапсырмалары, шот-фактураларды, төлеуге берілетін шоттар, түбіртектер және басқа да құжаттар) барлық есеп құжаттаманы сақтайды;

(ii) Банк өкілдеріне осындай құжаттаманы тексеруге мүмкіндік береді; және

(iii) осындай шығыс ведомстерінің әрбір қаржы жылының аудитіне енгізілуін қамтамасыз етеді (немесе басқа Банкпен келісілген мерзімде), оған сілтеме осы Бөлімнің (b) тармағында беріледі.

4.02-бөлім (а) осы Келісімге 5-қосымшаның А құрауышының 7-тармағында санамаланған жобаны іске асыру барысы туралы есептілікке қатысты Қарыз алушының міндеттемелерін шектемей Қарыз алушы Банк үшін қолайлы нысан және мазмұны бойынша қаржылық мониторинг туралы есепті Банкке дайындауға және беруге міндетті, онда:

(i) Қаражаттың іс жүзіндегі көздері мен Жоба үшін оларды пайдалану жалпы қорытынды ретінде де, сондай-ақ есепті кезең үшін де сипатталады, Қарыздан берілген қорлар жеке-жеке көрсетіледі, және осындай қорлардың іс жүзіндегі және жоспарлы пайдалану арасындағы алшақтық түсіндіріледі;

(ii) Жобаны іске асырудың жеке барысы жалпы қорытынды ретінде де, сондай-ақ

есепті кезең үшін де сипатталады, Жобаны іске асырудың іс жүзіндегі және жоспарланған барысы арасындағы алшақтық түсіндіріледі; және

(iii) Есепті кезеңнің соңында Жоба бойынша сатып алудың жағдайы сипатталады.

(b) Алғашқы ҚМЕ Күшіне енген күннен кейін бірінші күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірілмей Банкке берілуі және бірінші күнтізбелік тоқсанның соңына дейін Жоба бойынша қаражатты алғашқы жұмсауды бастаған кезенді қамтуы тиіс; кейінірек әрбір ҚМЕ әрбір кейінгі күнтізбелік тоқсаннан кейін 45 күннен кешіктірмей Банкке берілуі және оны қамтуы тиіс.

## V-БАП

### Қолданылуын тоқтату

5.01-бөлім. Жалпы шарттардың 12.04-бөлімінде сипатталған мақсаттар үшін осы Келісімді жасасқаннан кейін бір жүз жиырма (120) күн кезеңі.

## V-БАП

### Қарыз алушының өкілі; Деректемелері

6.01-бөлім. Жалпы шарттардың 11.03-бөлімінде сипатталған мақсаттар үшін Қаржы министрі Қарыз алушының өкілі ретінде Қарыз алушының Қаржы министрлігі тағайындалады.

6.02-бөлім. Жалпы шарттардың 11.01-бөлімінде сипатталған мақсаттар үшін мынадай мекен-жайлар анықталады:

Қарыз алушы:	Қазақстан Республикасы Астана қаласы Жеңіс даңғылы, 33 Қаржы министрлігі		
264126 (FIIN)	Телеграфтық мекен-жай: (7)(3172) 717762	Телекс:	Факс:
Банк:	Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі 1818 Н Street, N.W. Вашингтон, Колумбия округы 20433 Америка Құрама Штаттары		
Washington D.C.	Телеграфтық мекен-жай: INTBAFRAD 248423 (MCI) 64145 (MCI)	Телекс: немесе (202) 477-6391	Факс:

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН Тараптар тиісті түрде өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ете отырып, жоғарыда көрсетілген күнде және жылы [Колумбия округінде, Америка Құрама Штаттары] осы Келісімге қол қойды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН  
Уәкілетті орган



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ  
ДАМУ БАНКИ ҮШІН**  
Уәкілетті өкіл

**1-Қосымша**

**Қарыз қаражатын алу**

1. Төмендегі мынадай кестеде Қарыз қаражатынан қаржыландыру үшін көзделген шығыстар санаты келтірілген; шығыстар санаты бойынша Қарыз қаражатын бөлу және осындай санаттардың әрқайсысы бойынша қаржыландыру үшін көзделген шығыстардың пайыздық үлесі:

Шығыстардың санаты	Қарыздың бөлінген сомасы (АҚШ доллармен)	Қаржыландырылатын шығыстардың үлесі % алатын барынша
(1) Жұмыстар	5 300 000	70%
(2) Тауарлар	6 700 000	(100% шетелдік шығыстар, 100% жергілікті шығыстар (франко-зауыты) және жергілікті рынокта сатып алынған тауарлар үшін 84% жергілікті шығыстар
(3) Гранттар	(11 000 000)	Қаржыландырылған қаражаттың 100%
(4) Бөлінбеген сома	(1 000 000)	
Жиыны	24 000 000	

2. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "шетелдік шығыстар" термині кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарларды немесе қызметтерді сатып алуға Қарыз алушының елінен басқа кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді, бірақ Қарыз алушының елінен емес, және

(б) "жергілікті шығыстар" термині Қарыз алушының елінен жеткізілетін тауарларды немесе қызметтерді сатып алуға Қарыз алушының валютасындағы шығыстарды білдіреді.

3. Жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, қарыз қаражаты шотқа алуға жатпайды: (а) Осы келісімнің күніне дейінгі шығыстар бойынша төлемдер; (б) (3) Санатқа сәйкес 1-параграфтағы кестеде (і) БК және КЦ Қарыз алушы құрмайынша; (ii) Банктің талаптарын қанағаттандыратын ЖІЖ және Операциялық басшылықты Қарыз алушы Қарыз алушының заңнамасына сәйкес қабылдамайынша; және (iii) Конкурстық гранттар Операциялық басшылықта сипатталған өлшемдерге және рәсімдерге сәйкес берілмейінше; және (с) 1-параграф кестесінің қандай да бір Санаты бойынша кез келген шығыстар, Банк осы Келісімнің 2.04-бөлімінде анықталған бір жолғы комиссиялық алымның сомасын алмайынша

4. Банк Қарыз қаражаты мыналар үшін: (а) келісімшарт үшін 100 000 АҚШ долларына дейін барабар құны тауарлар; (б) келісімшарт үшін 1 000 000 АҚШ долларына дейін барабар құны жұмыстар; және (с) Гранттарға, олар үшін қаражатты алу Банк Қарыз алушыны хабардар ететіндей шарттарда жүзеге асыруға болатын келісімшарттар бойынша шығыстар үшін шығыс ведомостерінің негізінде Қарыз шотынан алынуын талап ете алады.

## **2-Қосымша**

### **Жобаны сипаттау**

Жобаның мақсаты: (i) ауыл шаруашылығы өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту, ақпаратқа қол жеткізуді беру және рыноктық тиімділігін жетілдіру; және (ii) қолданбалы ауылшаруашылығы зерттеулеріне мемлекеттік және жеке инвестициялардың сапасын, санын және мәнін ұлғайту және білім беруі арқылы ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда өткізу рыногына және білімге қол жеткізуді беру болып табылады.

Қарыз алушы мен Банк арасында келісілген осы міндеттерге қол жеткізу мақсатында мүмкін болатын өзгерістерді ескере отырып, Жоба мынадай құрауыштардан тұрады:

А құрауышы: Ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын басқару мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Техникалық регламенттер және ауыл шаруашылығы өнімі сапасы мен қауіпсіздігінің стандарттарын үйлестіруге жауапты сарапшылар тобын құру және азық-түлік өнімі қауіпсіздігінің стандарттары мен техникалық регламенттеріне қатысты мемлекеттік және жеке сектор үшін техникалық жәрдем және тренингтерді беру.

2. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің мониторингін (i) бар Мемлекеттік ветеринарлық орталығының (микробиология, радиология, токсикология, биохимия) және Өсімдіктерді қорғау орталығының (энтмология, фитопатология, вирусология, гербология және микробиология) мониторингі, оның ішінде зертханалар үшін жаңа ғимараттар салу және жабдық пен оқытуды беру; (ii) тұқымдар мен кіріс ресурстарының тестілерін өткізу жөніндегі зертханаларды жетілдіру; (iii) сапаны сынау зертханалары мен орталықтарының іріктелген кіші жобалары үшін КГС арқылы Конкурстық гранттарды беру арқылы күшейту.

В құрауышы: Ауыл шаруашылығы маркетингін дамыту

1. Маркетингтік ақпарат жүйесін: (i) өнімнің бар бағалық тізіміне сапа мен бағалық айырмашылықтарының сыныптамасын қосу; (ii) тез бүлінетін ауыл шаруашылығы өнімі туралы ақпаратты қоса алғанда бағалық ақпараттың сапасы мен ұсыну жиілігін арттыру; (iii) бағалық ақпарат пен сауда көлемін қосу; (iv) газеттер, радио, теледидар,

ұялы телефондар және ақпараттың басқа да келетін құралдары арқылы фермерлер мен саудагерлер үшін қол жететін web-парақтарын құру; (v) ақпаратты пайдалану мониторингі; (vi) мемлекеттік және жеке сектор өкілдерінің талдамалы қабілетін арттыру; және (vii) деректерді жинау, өңдеу және талдау оларды пайдалану және әзірлеу жөнінде маркетингілік ақпараттық жүйесі жөніндегі жеке компаниялар мен қауымдастықтар үшін тренингтер, өткізу арқылы нығайту.

2. Маркетингілік қауымдастықтарды немесе серіктестіктерді құру және/немесе дамыту мақсатында сүт жинау пункттерін, мал союды, қоймаларды, тарату желілерін және имиджін жақсартуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, рыноктық-бағдарлы инфрақұрылымның кіші жобалары үшін КГС арқылы Конкурстық гранттарды беру.

С құрауышы: Қолданбалы жыл шаруашылығы зерттеулері және білімді тарату және беру жүйесін (экстеншн) дамыту

1. Қолданбалы ауыл шаруашылығы зерттеулерін: (i) ауыл шаруашылығы зерттеулер жүйесінің қайта ұйымдастыру жоспарын әзірлеу, іске асыру және бақылау үшін техникалық жәрдем беру; (ii) жас ғалымдар үшін одан әрі білім алуын қаржыландыру; және (iii) қолданбалы ауыл шаруашылығы зерттеулеріне жіберілген іріктелген кіші жобалар үшін КГС шеңберінде конкурстық гранттарды беру арқылы нығайту.

2. Ауыл шаруашылығы білімдері мен технологияларын тарату және беру жүйесін: (i) ауыл шаруашылығы субъектілеріне білім мен технологияны тарату мен беру бойынша қызмет көрсету жөнінде қаржыландырылатын мемлекеттік жүйені дамыту, экстеншн бойынша іріктеу, агенттердің мониторинг нәтижелеріне бағытталғанды қоса алғанда; (ii) экстеншн бойынша агенттерді оқыту және аттестациялау нәтижелеріне бағытталған; (iii) қолданбалы ауыл шаруашылығы экстеншіне бағытталған кіші жобалар үшін КГС шеңберінде конкурстық гранттарды беру арқылы нығайту.

D құрауышы: Институционалдық даму және аграрлық саясат

1. Қарыз алушының тиісті министрліктері мен агенттіктерінің, сондай-ақ жеке сектордың және ауыл шаруашылығы қауымдастығының өкілдерінен тұратын БК құру, ол Жобаның стратегиялық бағытына жауап береді.

2. ҮО құру, ол Операциялық басшылығында және ЖІЖ сәйкес БК мақұлдаған Жобаны және стратегиялық бағытты іске асыруға, сондай-ақ КГС әкімшілікке жауап б е р е д і .

3. Ұлттық және халықаралық сарапшылардан тұратын тәуелсіз техникалық сарапшыларды құру, олар мынадай салаларды кіші жобаларға ұсыныстарға бағалау жүргізуге жауап береді: (i) зертханаларды жетілдіру және сапасын жақсарту жөнінде жоспарлар, (ii) рынок басқаратын инфрақұрылым, (iii) қолданбалы ауыл шаруашылығы зерттеулер, және (iv) Операциялық басшылықта айтылған өлшемдерге сәйкес ауыл шаруашылығы білімдері мен технологияларын беру және тарату.

4. Жобаның бағалануын орындау мақсатында техникалық жәрдем беру.

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде балық шаруашылығының бәсекеге

кабілеттігін арттыру жөнінде ұсыныстар мен нұсқаулықтар дайындауға жауапты ауыл шаруашылығы саясаты бойынша сарапшылар тобын құру арқылы ауыл шаруашылығы саясатына талдау, мониторинг және әзірleme жасаудың мемлекеттік сектордың әлеуетін нығайту, сондай-ақ АШМ мамандары үшін тренингтер мен тағылымдамалар жүргізу.

Жоба - 2010 жылғы 30 қаңтарда аяқталады деп күтіліп отыр.

### 3-қосымша

#### Амортизациялық аударымдар жүргізудің кестесі

Төлем күні					Қарыздың негізгі
Әрқайсысы 15 сәуір және 15 қазан					сомасын өтеу
2010 жылдың 15 қазанынан бастап					(АҚШ долларымен)
2022 жылдың 15 сәуірін қоса алғанда					1 000 000

### 4-қосымша

#### Сатып алу

##### I-бөлім. Жалпы ережелер

А. Барлық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (оның ішінде консультативтік) сатып алу 2004 жылғы мамыр айына белгіленген "ХҚДБ қарыздары және МАР кредиттері бойынша сатып алу жөніндегі нұсқаулық" (Сатып алу жөніндегі нұсқаулығы) 1-бөлімінің ережелеріне және осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

В. Қарыз алушының Республикалық бюджетінен қаржыландырылатын және түзетулер енгізілген "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңға сәйкес Қарыз алушы сатып алатын Жобаның С.2 (i)-Құрауышы шеңберінде білім мен технологияны қолдану мен ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша мемлекет қаржыландыратын жүйесін дамыту үшін қажетті консультанттардың қызметтерін қоспағанда консультанттардың барлық қызметтері 2004 жылғы (мамыр) "Дүниежүзілік Банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаулығы" (Консультанттар жөніндегі нұсқаулық) I және IV-бөлімінің ережелеріне және осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес сатып алынады.

С. Осы Бөлімде жазбаша әріптермен басылған және сатып алудың өзіне тән әдістерін немесе кейбір келісім-шарттарды Банктік тексеруді сипаттау үшін пайдаланылатын терминдердің қалыптасқан ахуалға қарай Сатып алу жөніндегі нұсқаулықта немесе Консультанттар жөніндегі нұсқаулықта оларға бекітілген мәнді білдіреді.

II-бөлім. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (консультативтік қызметтерді қоспағанда) сатып алудың өзіне тән әдістері

А. Халықаралық конкурстық сауда-саттықтар. Егер осы Бөлімнің В-Құрауышында өзгеше көзделмесе, онда келісім-шарттар Халықаралық конкурстық сауда-саттықтар негізінде талқыланады. Тендерлік ұсыныстарды бағалау кезінде отандық берушілер мен мердігерлер үшін жеңілдіктерді көздейтін Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың 2.55 және 2.56-тармақтарының ережелері Қарыз алушының аумағында дайындалатын тауарларға қолданылады.

В. Сатып алудың басқа да әдістері

1. Ұлттық конкурстық сауда-саттықтар. Келісім-шартқа 1 000 000\$ барабар сомадан аспайтын құнға бағаланған жұмыстар Ұлттық конкурстық сауда-саттықтар әдісі бойынша берілген келісім-шарттар сатылып алынады.

2. Шоппинг (бөлшек саудада сатып алу). 100 000\$ дейін барабар құнға бағаланған тауарлар және келісім шартқа 100 000\$ дейін құны бағаланған жұмыстар Шоппинг әдісі бойынша берілген келісім-шарттар бойынша сатылып алынады.

3. Гранттар қаражатынан қаржыландырылуға тиіс тауарлар, жұмыстар және қызметтер Операциялық басшылықта белгіленген рәсімдерге сәйкес жұртшылықтың қатысуы негізінде сатылып алынуы мүмкін.

4. Келісім-шартты тікелей жасасу. Банкпен келісім бойынша Келісім-шартты тікелей жасасудың талаптарына сәйкес келетін тауарлар мен жұмыстар сатып алудың көрсетілген ережелеріне сәйкес сатылып алынуы мүмкін.

III-бөлім. Консалтингтік қызметтерді сатып алудың өзіне тән әдістері

А. Сапасы мен құны негізінде іріктеу. Егер осы Бөлімнің В-Құрауышында өзгеше көзделмесе, онда консультанттардың қызметтері сапасы мен құнына негізделген іріктеу әдісі бойынша берілген келісім-шарттар бойынша сатып алынады. Консультанттар туралы нұсқаулықтың 2.7-тармағының мақсаттары үшін келісім-шартқа 200 000\$ дейін барабар құнға бағаланған қызметтер үшін консультанттардың қысқаша тізімі толықтай ұлттық консультанттардан тұруы мүмкін.

В. Басқа да рәсімдер

1. Неғұрлым төмен баға бойынша іріктеу. Банктің келісімі бойынша Консультанттар туралы нұсқаулықтың 3.6-тармағының талаптарына жауап беретін тапсырмаларды орындау үшін қызметтер Консультанттар туралы нұсқаулықтың 3.1 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес неғұрлым төмен баға бойынша іріктеу әдісі бойынша берілген келісім-шарттар бойынша сатылып алынуы мүмкін.

2. Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу. Келісім-шартқа 200,000\$ дейін барабар құнға бағаланған қызметтер Консультанттар туралы нұсқаулықтың 3.1, 3.7 және 3.8-тармақтарының ережелеріне сәйкес келісім-шарттар бойынша сатылып алынуы мүмкін.

3. Жеке консультанттар. Консультанттар туралы нұсқаулықтың 5.1-тармағының бірінші сөйлемінде көрсетілген талаптарға жауап беретін тапсырмаларды орындауға арналған қызметтер Консультанттар туралы нұсқаулықтың 5.4-тармағында сипатталған

мән-жайлар кезінде мұндай келісім-шарттар Дүниежүзілік банктің алдын ала мақұлдауын алған жағдайда, бір көзден сатып алу негізінде жеке консультанттарға берілуі мүмкін.

4. Бір көзден таңдау. Бір көзден таңдау бойынша Консультанттар туралы нұсқаулықтың 3.10-тармағының талаптарына жауап беретін мән-жайлар кезінде тапсырмаларды орындауға арналған қызметтер Банктің алдын ала келісімі талабымен Консультанттар туралы нұсқаулықтың 3.9-3.13-тармақтарының ережелеріне сәйкес сатылып алынуы мүмкін.

#### VI-бөлім. Банктің сатып алу бойынша шешімдерді қарауы

Сатып алу жоспарында Банктің алдын ала қарауына жататын келісім-шарттар ғана белгіленеді. Егер Сатып алу жоспары келісім-шарттардың сомасына қарамай-ақ консультативтік фирмалар мен жеке консультанттарды жалдау жөніндегі келісім-шарттарды алдын ала қараса, техникалық тапсырмалар мен келісім-шарттардың жобалары Банкке алдын ала қарау мен мақұлдау үшін ұсынылуы тиіс. Келісім-шарттар көрсетілген мақұлдаудан кейін ғана талқыланады. Қалған барлық келісім-шарттар олар орындалғаннан кейін Банктің қарауына жатады.

### **5-қосымша**

#### **Іске асыру бағдарламасы**

##### А бөлік. Жалпы ережелер

1. Қ а р ы з а л у ш ы :

(a) Жобаны АШМ арқылы орындайды;

(b) АШМ Жобаны жүзеге асыру кезеңінде КЦ жұмысын кімнің біліктілігі мен техникалық тапсырмалары Банк үшін қолайлы болса, соның баламалы штатымен, сондай-ақ Жобаны тиісті іске асыру үшін жеткілікті ресурстармен қамтамасыз етеді.

(c) АШМ: (i) БК үшін бағалау жүргізуді және есептер дайындауды қоса алғанда, Жобаны басқаруға, іске асыруға, үйлестіруге және мониторингіне; (ii) Қарыз қаражаттарын алуға өтінім дайындауға; (iii) осы Келісімнің 2.02 (b)-бөлімінде көрсетілген Арнайы шотты басқаруға; (iv) КГС басқаруға; (v) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға; (vi) аудитті осылай ұйымдастыру үшін Жоба бойынша есеп және есеп құжаттамасын жүргізуге; және (vii) жұмыстардың жыл сайынғы бағдарламасын дайындауға жауапкершілікте болатынын қамтамасыз етеді; және

(d) АШМ бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік пен қаржылық басқаруға және Жобаның ҚМЕ дайындауға жалпы жауапкершілікте болады.

2. Қарыз алушы АШМ арқылы ЖІЖ сәйкес Жобаны іске асыру жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды және оның кез келген ережелерінің өзгерістерін, түзетулерін немесе күшінің жойылуын Банк алдын ала мақұлдамай өткізілмеуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Қарыз алушы АШМ арқылы Операциялық басшылыққа сәйкес А.2, В.2 және С.1 (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарын іске асыру жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды және оның кез келген ережелерінің өзгерістерін, түзетулерін немесе күшінің жойылуын Банк алдын ала мақұлдамай өткізілмеуін қамтамасыз етеді.

4. Жобаны іске асыру кезеңінде Қарыз алушы АШМ арқылы осы Келісімнің 2-қосымшасының D.1 Құрауышында көрсетілген БК-ны Банктің талаптарына жауап беретін құрам мен техникалық талаптармен қамтамасыз етуі қажет.

5. Жобаны іске асыру кезеңінде Қарыз алушы АШМ арқылы Жоба күшіне енген сәттен бастап бір айдан кешіктірмей құруы қажет және демек, осы Келісімнің 2-қосымшасының D.3 Құрауышында көрсетілген Тәуелсіз техникалық сарапшылар тобын Банктің талаптарына жауап беретін құрам мен техникалық талаптармен қамтамасыз етуі қажет.

6. Қарыз алушы КЦ арқылы: (а) Банкке Жобаны іске асыру барысында әр жылдың 1 сәуірінде өткен жылға Жобаның жыл сайынғы Жоспарының жобасын қоса алғанда, Банк негізді түрде сұрауы мүмкін Жобаны іске асыру барысы туралы осындай ауқымда және осындай егжей-тегжейде бірінші жылды қоспағанда, әр жылы орындалатын шолуға негізделген жыл сайынғы бағалау есебін ұсынады; және (б) Банкке Жобаны іске асыру барысында әр жылдың 1 наурызында және 1 қыркүйегінде жобаның тиімділігін бағалауға арналған жартыжылдық мониторингтік есепті ұсынады.

#### 7. Қарыз алушы:

(а) саясат жүргізеді және тұрақты негізінде және Банктің қолайлы көрсеткіштерге сәйкес мониторинг пен бағалауды жүзеге асыруға, Жобаны орындауға және оның мақсатына қол жеткізуге оған мүмкіндік беретін тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді;

(б) Банкке қолайлы негізде техникалық тапсырманы дайындайды және Банкке шамамен 2008 жылғы 1 сәуірде көрсетілген есеп күнінен бұрынғы кезең ішінде қол жеткізілген нәтижелерін көрсете отырып, сондай-ақ Жобаның тиімді орындалуын қамтамасыз ету және есепті дайындау күнінен кейінгі кезеңде оның мақсатына қол жеткізу жөніндегі ұсынылған шараларды көрсете отырып, осы Бөлімнің (а) тармағына сәйкес орындалатын мониторинг пен бағалау бойынша қызметтің нәтижелері туралы есеп ұсынады; және

(с) Банкпен бірлесіп 2008 жылғы 1 шілдеге дейін және Банктің сұрауы бойынша неғұрлым кешеуілдетіп осы Бөлімнің (б) тармағында көрсетілген есепті қарайды, содан кейін Жобаның тиімді аяқталуын қамтамасыз етуге және осы мәселе бойынша көрсетілген есептің қорытындылары мен ұсынымдары және Банктің пікірі негізінде оның мақсатына қол жеткізуге барлық қажетті шараларды қабылдайды.

В бөлігі: Жобаның А.2. В.2. С.1 (iii) және С.2 (iv) Құрауыштары шеңберінде гранттар

#### 1. Қарыз алушы АШМ арқылы:

(а) зертхана мен сапаны көтеру жоспарларына, нарыққа бағдарланылған

инфрақұрылымға, қолданбалы ауыл шаруашылық зерттеулерге және Жобаның А.2, В.2, С.1 (iii) және С.2 (iii) Құрауыштарына сәйкес ауыл шаруашылық білім және технологияларды беру мен қолдану Гранттар бойынша кіші жобаға ұсыныстар Операциялық басшылықта, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулықта және Ауыл шаруашылығына зиян келтірушілерге қарсы күрес жоспарында айтылған қағидаттарға, рәсімдерге және өлшемдерге сәйкес мақұлдануы, бағалануы, іске асырылуы және талдануы қажеттігін;

(b) Жобаны іске асыру барысындағы кез келген сәтте Банкте Гранттарды талқылау үшін кіші жобаларға қосымшалар қарау құқығы болды. Кіші жобаларға ұсыныстарды енгізу негіздемесіне және/немесе қабылдамауға қатысты келіспеушіліктер болған жағдайда, Банктің таңдау қорытындыларының өзгерістерін талап етуге құқығы бар.

(c) Гранттарды талқылау мыналар арқылы Операциялық басшылыққа қоса берілген Грант туралы келісімнің стандартты нысанына сәйкес КГС бойынша Сенімгер жүзеге асыруын: (i) Гранттар орындау үшін берілетін кіші жобаларға ұсыныстар баламалы сипатталуы тиіс; (ii) Грант туралы келісімдегі сипаттамаға және онда белгіленген бюджет шеңберіне сәйкес кіші жобалар бойынша ұсыныстарды Грант алушыдан талап ететін болады, сондай-ақ Грант туралы келісімде белгіленген рәсімдерге сәйкес кіші жобаларды іске асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу өткізу; (iii) әрбір Гранттың сомасы тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бағалау құнына және кіші жобаларды іске асыру үшін қажет болатын операциялық ұсталымға негізделеді және Операциялық басшылықта белгіленген лимиттен аспайды; және (iv) мақсатқа сай болуы және кіші жобаның іске асырылуын және кіші жобаларды қаржыландыру үшін Грант алушы ұсынатын жарна, Операциялық басшылықта жазылған талаптар қамтамасыз етілді.

2. АШМ арқылы қарыз алушы өзгеден басқа КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалатын Шарт мыналарды қамтуы қамтамасыз етуі тиіс: (i) КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалатын Шарт пен Операциялық басшылықта көрсетілген немесе белгіленген талаптар мен рәсімдерді уақытылы және оларға сәйкес Грант қаражатын КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл береді; (ii) КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл кіші жобаларды іске асыру мәртебесін растау үшін кіші жобаларды іске асыру орнына баратын және АШМ мен ҮО-нан алынған мәліметтерді ұсынады; (iii) Грант алушы Грант туралы келісімнен туындаған кез келген өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, Грант қаражаттарын пайдалануға Грант алушының құқығын тоқтата тұруды немесе тоқтатуды қоса алғанда, КГС бойынша Сенім білдірілген өкілмен жасалатын шартты айтылған барлық қажетті шараларды қабылдайды және ондағы барлық өзінің құқықтарын пайдаланады; (iv) КГС бойынша Сенім білдірілген өкілде АШМ-мен алдын ала келісімнен кейін Грант туралы келісімді бұзуға, осыған сәйкес ұсынылатын Грант қаражаттарын пайдалануды тоқтатуға және Грант туралы келісімнен туындаған міндеттемелерді Грант алушы орындамаған жағдайда, заңмен



көзделген басқа тиісті санкцияларды талап етуге өкілеттігі бар; (v) Гранттың 30 %-ға дейін қаражаты Грант қаражаты уақытылы Грант алушыға берілуі үшін қазынашылық немесе коммерциялық банк шотына КГС бойынша Сенім білдірілген өкілге аванс берілуі мүмкін; және (vi) КГС бойынша Сенім білдірілген өкіл Грант қаражаты алпыс (60) күннен аспайтын кезеңге аванс беру үшін қамтамасыз ету мақсатында алпыс (60) күн ішінде шығыстар туралы құжаттаманы АШМ мен ҮО-ға береді.

## **6-қосымша**

### **Арнайы шот**

1. Осы Қосымшаның мақсаты үшін:

(a) "құқықты санат" термині осы Келісімнің 1-қосымшасындағы Кестенің 1-тармағындағы (1), (2), (3) және (4) санаттарды білдіреді.

(b) "құқықты шығыстар" термині пайымды құн бойынша сатып алынған Жобаға қажетсіз және осы Келісімнің 1-қосымшасының шарттарына сәйкес құқықты Санаттарға мерзімді бөлінетін Қарыз қаражаттарын қаржыландыру үшін көзделген тауарлар мен қызметтерге шығыстарды білдіреді; және

(c) "Бекітілген бөлінген қаражат" термині, егер Банкпен басқа уағдаластық болмаса, Бекітілген бөлінген қаражат Қарыз шотынан алынған қаражаттың жиынтық сомасы қосылған Жалпы шарттардың 5.02-Бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық өтелмеген арнайы міндеттемелердің жалпы сомасы тең болмайынша немесе 7 000 000\$ баламасынан асып кетпейінше 500 000\$ сомасымен шектелетін шартпен Қарыз шотынан алынатын және осы Қосымшаның 3 (a)-тармағына сәйкес Арнайы шотқа есептелетін 1 000 000\$ сомасын білдіреді.

2. Арнайы шоттан қаражат төлемі осы Қосымшаның шарттарына сәйкес құқықты шығыстарға ғана жүргізіледі.

3. Банк Арнайы шот белгіленген тәртіппен ашылғанына оған қолайлы растама алғаннан кейін, Бекітілген бөлінген қаражатты алу және Арнайы шоттан толтыру мақсатында қаражатты бұдан кейін алу мынадай тәртіппен жүргізілетін болады:

(a) Бекітілген бөлінген қаражат қаражаттарын алу үшін Қарыз алушы Банкке жиынтық сомадан немесе Бекітілген бөлінген қаражат сомасынан асып кетпейтін соманы Арнайы шотқа енгізуге сұрау немесе сұраулар береді. Банк мұндай сұрау немесе сұраулар негізінде Қарыз алушы атынан Қарыз шотынан қаражатты алады және оларды Қарыз алушы сұраған сомада Арнайы шотқа депозитке есептейді.

(b) (i) Арнайы шотты толтыру үшін Қарыз алушы Банк анықтайтын сол кезеңділікпен Арнайы шотқа қаражаттар аударуға Банкке сұрау береді.

(ii) әрбір айтылған сұрауды алғанға дейін немесе осындай сұрау алғанда Қарыз алушы Банкке қаражат толтыруға сұралған төлемді немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осы Қосымшаның 4-тармағында көзделген құжаттаманы және өзге де куәліктерді

береді. Әрбір мұндай сұрау негізінде Банк Қарыз алушы атынан Қарыз шотынан қаражаттарды есептен шығару және негіздемесі құқықты шығыстарды төлеу үшін Арнайы шоттан осы соманы есептен шығару туралы куәландыратын айтылған құжаттармен және басқа да растамалармен расталатын Қарыз алушы сұраған мөлшерде Арнайы шотқа оларды есептейді. Қарыз шотынан көрсетілген депозиттерді Банктің есептен шығаруы құқықты санаттар шеңберінде және айтылған құжаттармен және басқа да растамалармен расталған тиісті баламасы сомада жүргізіледі.

4. Арнайы шоттан Қарыз алушы жүзеге асыратын әрбір төлем үшін Қарыз алушы Банкке сұрауда көрсетілген кезең ішінде мұндай төлем тек құқықты шығыстарға жүзеге асырылатын құжаттаманы және басқа да куәлікті Банкке береді.

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк Арнайы шотқа бұдан әрі депозиттерге қатысты:

(a) егер қандай да сәтте Банк барлық алдағы қаражаттарды алуды бұл Жалпы шарттардың V-бабында және осы Келісімнің 2.02-бөлімінің (a) тармағында көзделгендей тікелей Қарыз шотынан Қарыз алушы жүзеге асыратынын анықтаса;

(b) егер Қарыз алушы осы Келісімнің 4.01 (b) (ii) бөлімінде айтылған кезең ішінде Банкке Арнайы шот бойынша шоттардың аудиті мен есептілікке қатысты көрсетілген Бөлімге сәйкес Банкке берілуге тиіс аудит туралы қандай да бір есептерді бермесе;

(c) егер Банк қандай да бір сәтте Қарыз алушыны өзінің Қарыз алушының Жалпы шарттардың 6.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес Қарыз шотынан қаражаттарды алу құқығын ішінара немесе толығымен тоқтату ниеті туралы хабарласа; немесе

(d) Жалпы шарттарының 5.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес Банктің барлық өтелмеген арнайы міндеттемелерінің жалпы сомасы шегерілген құқықты санаттарды қаржыландыруға арналған Қарыз қаражатының жалпы таңдалмаған сомасы Бекітілген бөлінген қаражаттың баламалы екі еселенген сомасына жетсе, сұрауларды қ а б ы л д а м а й д ы .

Осыдан кейін құқықты санаттарды қаржыландыруға арналған Қарыздың Қарыз шотында алынбай қалған сомасын алу Қарыз алушыға арнайы хабарламада Банк айтқан тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Қаражаттарды бұдан әрі алу Банк айтылған хабарлама күні Арнайы шоттың депозитінде қалған барлық сома құқықты шығыстар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатынына куәландырылғаннан кейін ғана Банк үшін қолайлы көлемде жүргізіледі.

6. (a) Егер Банк қандай да бір сәтте Арнайы шоттан кез келген төлемдер: (i) шығыстарды ашу үшін немесе осы Қосымшаның 2-тармағының шарттарына сәйкес келмейтін сомаға жасалғанын, немесе (ii) Банкке берілген құжаттамамен негізделмегенін белгілесе, Қарыз алушы Банктен хабарлама алысымен дереу: (A) Банктің сұрауы мүмкін мұндай қосымша растаманы береді; немесе (B) жеткілікті түрде расталмаған немесе құқықты төлемдер санатына кірмейтін болып табылмайтын мұндай төлем сомасына немесе оның бөлігіне тең соманы Арнайы шотқа енгізеді (немесе

Банктің сұрауы бойынша Банкке оны өтейді).

(b) Егер Банк қандай да бір сәтте Арнайы шоттағы кез келген өтелмеген сома құқықты шығыстар бойынша бұдан әрі төлемдерді жабу үшін талап етілмейтінін белгілесе, онда Қарыз алушы Банктен хабарлама алысымен дереу Банкке осы өтелмеген соманы өтейді.

(c) Қарыз алушы Банктен хабарлама алысымен Банкке Арнайы шоттың депозитіндегі қаражаттарды толығымен немесе ішінара өтей алады.

(d) Осы Қосымшаның 6 (a), (b) және (c) тармағына сәйкес Банкке өтелетін қаражат Жалпы шарттарды қоса алғанда, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес бұдан әрі алу немесе есептен шығару үшін Қарыз шотына есептеледі.